

Мақпал негізгі орта мектебі

Әліппемен қоштасу ертеңгілігі

Тақырыбы: «Рахмет саған, Әліппе!».

Дайындаған: Даулетбаева Ш.Ж.

2023 ж.

«Рахмет саған, Әліппе!»

Әліппемен қоштасу ертеңгілігі.

Мақсаты: Оқушылардың Әліппеден алған білімдерін ортаға салу. Оқушыларды Ана тілі оқулығымен таныстыру және өзін-өзі басқаруға үйрету.

Көрнекіліктер: Шарлармен безендіру, слайдтар, нақыл сөздер.

Жүргізуші мұғалім:

-Құрметті ата-аналар, ұстаздар және оқушылар! Бүгінгі «Рахмет саған, Әліппе!» атты мерекемізге қош келдіңіздер! Осыдан 4 ай бұрын мектеп табалдырығын қысыла да қызыға аттаған бірі отбасының тұңғышы, бірі кенжесі, ата-әжесінің сүйікті де еркесі болып жүрген ұл-қыздарымыз, өздерінің ең алғашқы оқулығы болған Әліппемен бүгін қоштасқылы отыр.

-Ендеше, кішкентай бүлдіршіндеріңіздің білім өлкесіне қарай басқан алғашқы қадамдары құтты болсын! Сонымен «Рахмет саған, Әліппе!» атты ертеңгілігіміздің кейіпкерлерін 1 - сынып оқушыларына қол соғып, қошемет көрсетейік.

Мұғалім: Балалар, мен сендерге бір сұрақ қояйын....

Іші толған әріпке,
Білімдегі жарық не ?

Оқушылар: Ол сүйікті Әліппе!

Мұғалім: Олай болса, бәрімізге ең қымбат «Әліппені» ортаға шақырамыз.

Әліппе: (Әліппе әнін айтып кіреді)

- Армысыңдар жас достар!

Армысыңдар, ата - ана!

Болашаққа жол бастар,

Әліппең келді ортаға.

Жақсы білім көрімдік,

Болсын бізге халайық.

Не үйретіп, не білдік,

Қане, ортаға салайық!

Әліппеге арналған тақпақтар:

Әмина:

Рахмет саған, Әліппе!

Көп нәрсені үйреттің.

Таныстырып әріппен,

Тақылдатып сөйлеттің.

Омар:

Бар кітапқа бас болған

Әліппе - ғылым анасы.

Әліппеден басталған

Даналықтың данасы.

Айзере:

Келгенде алғаш мектепке,
Білмеуші едік әріпте,
Оқимыз қазір ертегі,
Үйреткен оны Әліппе!

.

Алинұр:

Әліппе-білім бұлағы,
Әліппе –өмір шырағы.
Әліппе-білім көзі,
Әліппе – мұғалімнің асыл сөзі.

Айым:

Әліппені алып қолыма
Білімнің аштым есігін
Ақ ниет тілеп, жолыма
Жазылды тұңғыш есігім

Ән: «Әліппе»

сөзі: Б.Дәуренбеков, әні: Н.Еспанов

Менің атым, менің атым әліппе
Үйретемін, үйретемін әріпке
Оқу білім, оқу білім сыйласа
Барлық бала, барлық бала дәріптер

Ал балалар келіңдер
Үйренідер, көріңдер
Қырық екі әріпті
Жатқа айтып беріңдер

А дегенім, А дегенім ана ғой
Б дегенім, б дегенім бала ғой
Меніменен, меніменен достасып
Білім нәрін, білім нәрін ала ғой

Ал балалар келіңдер
Үйренідер, көріңдер
Қырық екі әріпті
Жатқа айтып беріңдер.

Мұғалім: Ерте, ерте ертеде,

Ешкі жүні бөртеде,

Орманда екі үй болыпты: біреуі көк, біреуі қызыл. Көк үйде дауыссыз дыбыстар, қызыл үйде дауысты дыбыстар тұрыпты. Олардың атасы «Әліпби» деген дана болыпты. Осы екі үйдің қызыл үйшіктегі әріптері дауыс шығарып көңілді тұрыпты да, ал көк үйдегі әріптер үнсіз өмір сүріпті. Мұны көрген Әліпби «Мен осы екі үйдегі әріптерді араластырсам не

болар екен?» деп ойланып, араластырыпты. Сөйтсе, ғажап бір жайға куә болыпты. Әріптері сөйлей жөнеліпті. Осылайша әріптерден сөз, сөзден сөйлем пайда болыпты.

1. Қазақ тілінде қанша әріп бар?
(42)
4. У дыбысы қандай дыбыс?
(Дауысты да, дауыссыз да)
5. 2 дыбыстан тұратын әріптерді ата
(ю,я,ё)
6. Дыбыс бермейтін әріптер
(ь айыру белгісі, ь жіңішкелік белгісі)
7. Дыбыстардың неше түрі бар?
(дауысты, дауыссыз дыбыстар)
8. Дауысты дыбыстар деп қандай дыбыстарды айтамыз?
9. Дауыссыз дыбыстар деп қандай дыбыстарды айтамыз?
10. Сөз неден құралады?
(Буындардан, дыбыстардан, әріптерден)
Ендігі кезекті осы әріптерге берейік.

Әмина:

Алфавитті үйрендік,
Онда жүйе, қалып бар.
Біздің қазақ тілінде
42 әріп бар.

Омар:

А дегенім атаң,
Ақ тілекті батаң,
Ақыл сөзін тыңдап,
Ардақтай біл, ботам.

Айым:

Ә дегенім әжең,
Әлдилеген анаң,
Әлпештеген әкең,
Әспеттей біл балам.

Айзере:

Г дегенім гүлім,
Көрдің неше түрін,
Гүлмен бірге сенің,
Күлімдейді күнің.

Алинұр:

В денім вокзал,
Кісі толған көп зал,
Келіп қалса пойыз,
Вокзалдан тез қозғал.

Ән: «МҰҒАЛІМ – ОЛ БІЗДІҢ!»

Сөзі М. Әлімбаевтікі
Әні И.Нүсіпбаевтікі

Білімнің кілтіндей
Әліппе ұстатқан.
Оқуға іркілмей,
Тоқуға ұстартқан.

Қайырмасы:

Қамқоры ұл-қыздың,
Мұғалім – ол біздің!
Қамқоры ұл-қыздың,
Мұғалім – ол біздің!

Қиынға төзуге,
Үйреткен қашанда.
Жаманнан безуге,
Жақсылық жасауға.

Қайырмасы.

Қамқоры ұл-қыздың,
Мұғалім – ол біздің!
Қамқоры ұл-қыздың,
Мұғалім – ол біздің!

Атам да сыйлайтын
Атамның тұстасы,
Папам да сыйлайтын
Ауылдың ұстазы
Қамқоры ұл, қыздың-
Мұғалім –ол біздің

Би «Маленькая страна».

Әліппе:

Менің сендермен қоштасатын уақытым таяп қалды. Сендерге де рахмет балалар!
Өздеріңдей тәртіпті, оқуға ынталы балалардың талабына қуанамын. Енді білімдеріңді
жалғастырып, әрі қарай білімді болу үшін Ана тілі кітабымен таныстырайын. Ана тілі,
мында келші!

Ана тілі:

Сәлеметсіздер ме балалар?

Туған елдің тілімін
Ақылыммен танылам.

Түсіндірер бәріне

Ана тілі мен болам. Балалар, енді бұрынғыдан да көп оқитын боласыңдар. Ынта қойып
оқысаңдар көп нәрсеге үйренесіңдер.

Әліппе:

Әр сөзімді жаттаған,
Балалар үшін мақтанам.
Рахмет айтып, шаттанам,
Риза болып аттанам.
Оқумен өсіп толыңдар,
Аман есен болыңдар!

Ән: «Үйретеді мектепте»

Мектеп бізге барлығын
Әріптердің әр мәнін
Үйретеді, үйретеді, үйретеді.

Қолға қалам алуды,
Әсем етіп жазуды,
Үйретеді, үйретеді, үйретеді/2 рет

Үлкендерді сыйлауды,
Кішілерді ұрмауды,
Үйретеді, үйретеді, үйретеді.

Санға санды қосуды,
Саннан санды алуды,
Үйретеді, үйретеді, үйретеді/2 рет

Би « Хрустальные звездочки»

Ән: «Кел, балалар, оқылық!».

Құттықтау сөзі мектеп директоры Ж.А. Тайшиковаға және оқу ісінің меңгерушісіне А.Т. Шалабаеваға беріледі.

Мұғалімнің тілегі:

Балалардың білімі құтты болсын,
Денсаулығы әрқашан мықты болсын.
Білімдерін әрі қарай дамытатын,
Ерінбейтін еңбекқор мықты болсын.

Осымен бүгінгі 1 сыныбында өткен «Рахмет саған, Әліппе!» атты ертеңгілігімізді аяқтаймыз. Көңіл қойып тыңдағандарыңызға көп-көп рахмет.

«Әліппеге мың алғыс!» әліппемен қоштасу ертеңгілігі

Мақсаты: Оқушылардың әліппеден алған білімдерін ортаға салу.
Оқушыларды ана тілі оқулығымен таныстыру және өзін-өзі басқаруға үйрету.

Көрнекіліктер: Шарлармен безендіру, алма ағашы.

Кейіпкерлер: ханзада, ханшайым, алма ағашы,

Жүргізуші мұғалім:

-Құрметті ата-аналар, ұстаздар және оқушылар! Бүгінгі «Әліппеге мың алғыс!» атты мерекемізге қош келдіңіздер! Осыдан 4 ай бұрын мектеп табалдырығын қысылса да қызыға аттаған бірі отбасының тұңғышы, бірі кенжесі, бірі әзірге жалғызы, ата-әжесінің сүйікті де еркесі болып жүрген ұл-қыздарымыз, өздерінің ең алғашқы оқулығы болған Әліппемен бүгін қоштасқылы отыр.

-Ендеше,кішкентай бүлдіршіндеріңіздің білім өлкесіне қарай басқан алғашқы қадамдары құтты болсын!Сонымен «Әліппеге мың алғыс!» атты ертеңгілігімізді бастаймыз!

-Ерте,ерте,ертеде бір жаһанда «Әліпби» атты ел болса керек.Бұл елде ханзада мен ханшайым ұзақ жылдар өмір сүріпті.Содан екеуі елдің орта шетіне көшет отырғызады. Оны күтіп бағады. Күтім жақсы болған алма ағашының тамыры кеңге жайылып,көкке шарлап өседі.Алайда ханзада мен ханшайымның алма ағашына көңілдері толмайды. Өйткені оның себебі де бар еді. Ал ол қандай себеп екен?

Ханзада: Е,ханшайым,біз отырғызған алма ағашы тамыры жайылып өскенмен неліктен жеміс бермейді?

Ханшайым: Ханзада,мұның да бір себебі болар-ау!

Алма ағашы: Уа, ханзада мен ханшайым,маған күн шуағы жеткілікті,суда бар.Бірақ жемістерім жоқ,неге екенін өзім де түсінбеймін.

Ханзада:Иә,солай шығар!Оның сырын тезірек ашу керек қой. Неліктен бүгін орман іші тып-тыныш?

Ханшайым:Бұл сұрақтың сырын сиқыршы қыздан сұрап көрейік.

Сиқыршы қыз: Бұл орманда неше жылдан бері ешқандай кеш,ешқандай сабақ өтпейді. Сол себептен осы ормандағы тіршілік есінің бәрі ұйқыда

Ханшайым :Онда оларды оятайық.Сен оған көмектесші.

«Ертегілер әлемі». Сиқыршы қыз ормандағы тіршілік иелерін оятады.

(Сахнада жайлы әуен ойналады. Ортаға Әліппе шығады)

Әліппе

Армысыздар,жас достар!

Армысыздар ата-ана.

Болашаққа жол бастар,

Әліппең келді ортаға.

Білім деген ғажаптың,

Әліппесін меңгерген

Келешегі қазақтың
Басталады сендерден.
Таудай болса талабың
Айтары көп әріптің
Қуанышы халықтың
Жақсы білім көрімдік,
Болсын бізге халайық.
Не үйреніп.не білдік.
Қане.ортаға салайық!

-Амансыздар ма.ханзада мен ханшайым. Мен мұнда 40 әріп пен 2 таңбамды ертіп келдім.ендеше олар сізге көмек беріп қалар.

-Менің әр әрпімнің сыры бар.Іші толып толған ғажап.Қазір өздері де таныстырар.

(Әр әріп өздерін таныстырған сайын ағаш жеміс бере бастайды)

А әрпі:Ата,зейін салдың ба?бар әріптің алдында,

Неліктен А тұрады?

Деп бір күні сұрады?

Атам менің сауатты

Былай берді жауапты

Ата,ана,ақыл,ар,адам

А дан басталар,содан шығар құрбаным,

А ның алда тұрағаны.

О әрпі: Кәдімгі дөңгелек,ал Ө одан сәл бөлек,

Мұны да сал ерінбе,белбеуі бар белінде.

Т әрпі:

Көз тоқтатып бір қаралық,

Т тұрған әріп,Қоңыз секілді біреуі,

Біреуі аумаған үйдің тіреуі.

Н әрпі:

Қос тақтайға көлденең,бір тақтай қағылғанын,

Дедік көріп бұл деген,тақтайдан салынған,Н

Жүргізуші:Ханзада мен ханшайым міне,көрдiңiздер ме,Әлiппенiң арқасында алма ағашымыздың жемiс бергенiн.Қандай сөз шықты? ОТАН

Ханшайым:Керемет! Ағашымымыз бiрнеше жемiсiн бердi. Әлiппе,сiзге көп рахмет!

Ханзада :Әрiптер,көп-көп рахмет! Бiзге үлкен көмек бердiңдер Әлiппе,сенiң әрiптерiң ендi «Әлiпби» елiнiң тұрғындар болсын. Алма ағашын да бiрге қарап,жемiсiн бiрге жемеймiз бе?

Жүргізуші:Әлiппе,бiздiң балалар,сiзге ризашылығын,рахметiн айтқысы келедi.

(Балалар тақпақтарын айтады)

Қыркүйекке келдiм де

Сыныпқа кiрдiм қуанып.

Қарсы алды ұстаз мейiрмен

Қадамымды құп алып.

Бар бiлiмнiң бастауын

Әлiппеден бастадым.

Үйренуге талпындым

Құлшынып балғын жас жаным.

Бiрiншi беттен елiмнiң

Елтаңбасын таныдым.

Көк байрақты қазақтың

Ұрпағымын,сәнiмiн.

Ең алғаш алғанымда Әлiппенi

Қызығып қарай бердiм әрiптердi.

Мен үшiн жұмбақ болып қалар ма едi

Ұстазым оның кiлтiн алып бердi.

Келгенде алғаш мектепке
Білмеуші едік әріпте.
Оқимыз қазір ертекті
Үйреткен оны «Әліппе».

Енді біз жаза білеміз
Әріпті қосып, әріпке.
Риза боп саған жүреміз
Сүйікті біздің Әліппе.

Әліппе: Барлық әріп бағалы
Сөзге тірек болады.
Жетелеймін білімге
Мені сүйген баланы.
Балалар, мен бұл мерекеге қуана, толғана келіп тұрмын. Жай
келмедім. Өзімнен бастау алатын, өздеріне даңғыл жол салатын жаңа
достарың «Ана тілін» шақыра келдім.

Ана тілі: Көңілді дауыстарыңды естіп келдім. Бұл балалар қандай өнер
көрсетеді екен деп, ойланап та келдім. Ал, балалар өнерге кезек беріндер.
Әліппе: төрт айы не оқып не үйренгендеріңді ортаға салыңдар.

1. «Қайдан келдің, бауырсақ?» Диалог.

Дастарқанда шашылып, жатты аппақ бауырсақ
Бауырсаққа қызығып, қарап тұрып көзін сап,

Қуыршақ: Қайдан келдің бауырсақ?

Бауырсақ: Дүкеннен келдім нан сатқан.

Қ: Дүкенге келдің қай жақтан?

Б: Наубайдан келдім нан жапқан

Қ: Наубайға келдің қай жақтан?

Б: Диірменнен келдім ұн тартқан.

Қ: Диірменге келдің қай жақтан?

Б: Даладан келдім кең жатқан?

Жер анам, мені аң көсілген,

Дикандар мені өсірген,

Арғы тегім ақ бидай

Тәттімін жеп көр.

Жесең өзің байқарсың?

Рақметінді айтарсың

Айырылмас дос болайық,

Адамға достық лайық!

Менің атым-бауырсақ,

Сенің атың- қуыршақ.

2. Әріптерді атау.

3. Суреттердің ішінен үш буынды сөздерді атау.

4. «Жалғастыр» ойын. Т дыбысынан басталатын сөздерді атау

5. Өрнектердің мәнін табу.

$$2+2= 7- 6= 5+2= 10-3=$$

$$8-4= 0+5= 3- 3= 1+1=$$

Сұрақ жауап:

1. Біз қай Республикада тұрамыз?

2. Балаларға арнап алғаш мектепті ашқан кім?

3. Қазақ алфавитінде неше әріп бар?

4. Қандай әріптердің дыбысы жоқ?

5. Неше дауысты дыбыс бар ?

Әліппе: Тағы қандай өнерлерің бар?

Би «Түрік биі»

Би «Қамажай»

Бар кітапқа бас болған

Әліппе ғылым ағасы

Әліппеден басталған

Даналықтың данасы.

Әліппені алап қолыма

Білімнің аштым есігін.
Ақ ниет тілеп ,жолыма
Жазылды тұңғыш есігім.

Іші толы әріпке
Мынау әйбат Әліппе!
Барлық ілім білімнің
Әжесі осы Әліппе.
Ыстық әрбір беттерін
Жазуынды ұғамын.
Ақыл бердің Әліппе
Ақылды сен мұғалім.

Үйретті бізді әліппе
Қырық екі дербес әріпке.
Сөз,сөйлем құрап әріптен
Лайық болдық дәріпке.

Ән : «Әліппе»

Білімге жолды бастаған
Әліппем саған,мың алғыс!
Оқы деп ұран тастаған
Әліппем саған, мың алғыс
Хор: Әліппем саған, мың алғыс
Қош бол,құтты «Әліппе»
Көп нәрсені үйреттің.
Таныстырып әріппен
Тақылдатып сөйлеттің.

Қош бол құтты Әліппем!
Тіл тұсауын кестін сен.
Аяулы анам болып сен
Айыбынды кештің сен.
Хор: Қош бол,құтты «Әліппем»!

Әліппе:
Айналайын балғындар

Рахмет айтып, шаттанған.
Риза болып аттанып
Сізге айтар сөзім бар.

Оқуда зейінді болыңдар
Еңбекке бейімді болыңдар.
Ақ жол болсың, балаларым
Кір шалмасың қабақтарың.
Оқығандарың есте болсың,
Күнделіктерің беске толсын.
Енді сендердің жолдастарың
«Ана тілі» болсын.
Барлығы: «Қош бол, Әліппе»!

Ана тілі:

Ақыл ойын дананың

Ана тілден аласың

Ана тілін ардақты

Ақ сүтіндей ананың -

тілегін айтып балаларға «Ана тілі» оқулығын таратады.

Мұғалім: Балалар, сендердің «Әліппені» жақсы меңгеріп оқуларына ата аналардың, әжелердің қосқан үлесі көп. Кәне бәріміз бірге рахмет айтайық.

Хор: Аналарға мың алғыс!

Мұғалім: Құрметті ата аналар, сіздер де оқушылармен бірге төрт айы әліппені оқып үйрендіңіз. Қазір сіздерді де тексеріп көрейік, қалай әліппені меңгердіңіз.

1. Балаңыздың бірінші жаттаған тақпағын айтып беріңіз.
2. Алдарыңызда балалардың көшіріп жазған тақпақтары жатыр. Өз балаңыздың жазғаның табыңыз.

Құттықтау сөз ата аналар мен келген ұстаздарға беріледі.

Мұғалімнің тілегі:

Балалардың білімі құтты болсын,

Денсаулығы әрқашан мықты болсын.

Білімдерін әрі қарай дамытатын,

Ерінбейтін еңбекқор мықты болсын.

Осымен бүгінгі 1 сыныбында өткен «Қош бол, құтты Әліппе» атты ертеңгілігімізді аяқтаймыз. Көңіл қойып тыңдағандарыңызға көп-көп рахмет.

Әліппе:Рахмет,балалар!Әріптердің бәрін таныпсыңдар! Енді,сауатты жаздырып,мәнерлеп оқытатын Ана тілін оқитын боласыңдар! Ал,қош болыңдар! Әрдайым биіктерден көрініңдер!

Хормен:Таныстырған 42 әріппен,

Қош бол, менің қасиетті Әліппем!

Жүргізуші: Ханзада мен ханшайым,енді біздің балалардың өнерлерін тамашалаңыз!

Келген бізге қонаққа,

Биші балдар алыстан.

Келген біздің мейрамға,

Өздерінің биімен.

Ханшайым:Жарайсыңдар, енді мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп отыр.

(Ханзада мен ханшайым жұмбақ жасырады).

Жүргізуші:Ал, кәнекей достарым,

Асқақ әнге салайық.

Думандатып мейрамды,

Шырқып-шырқап алайық – деп сахна төріне «Ана тілі»

(Әуен ойналып ортаға, Шимұрын келеді

Шимұрын: Армысыңдар,жас достар!Мен Шимұрынмын! Сендердің дауыстарыңды естіп осында келдім. Естуімше,сендер бүгін әліппемен қоштасып жатырсыздар демек,енді сендер «Ана тілі» деген оқулық оқитын боласыңдар.әліппеден алған білімдеріңді жалғастырып, өздерің жемісінің гүлденуіне көмек берген алма ағашының жемісін ары қарай көбейтуге атсалысасыздар.Сіздер менің айтқаныма келісесіздер ме?

Хормен: Иә.

Шимұрын: Ана тілің-арың бұл,

Ұятың боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тілінді құрметте!

-Ендеше, мен сендерге сиқырлы сандықтан сыйлыққа «Ана тілі» оқулығын берейін! Және білімнің алтын кілтін тапсырамын!

Жүргізуші:Кешіміз өтіп жатыр салтанатты,

Төгілген күн нұрының шапағаты.

Ата-аналар қаттырақ қол соғындар,

Бишілердің билері қандай жақсы.

«Қаражорға» биі

Жүргізуші:

Ажырамай мектептен бір елі сіз,

Жақсылыққа жаралған жүрегіңіз.

Сөз береміз құрметпенен өзіңізге,

Балаларға арналған тілегіңіз — дей келе сөз беру

Жүргізуші:Балалар, сендердің әліппені жақсы меңгеріп,сауатты оқуларыңа ата-аналарыңның да қосқан үлесі мол.Сондықтан да бәріміз де ата-аналарымызға рахмет айтайық!

Ата-ананың тілегі,

Адам болып өскенің.

Адамдықтың тірегі,

Адал болып өскенің — деп келесі сөзді ата-аналарға береміз.

Жүргізуші: Балалардың білімі құтты болсын,

Денсаулығы аурмайтын мықты болсын.

Білімдерін әрі қарай дамытатын,

Ерінбейтін еңбекқор күшті болсын! Осымен «Әліппеге мың алғыс»
ертеңгілігімізді аяқтаймыз! Зер салып, тыңдағандарыңызға рахмет!!!

Армысыздар, аналар!
Бармысыздар, балалар!
Сөзіме құлақ салыңыз
Бір серпіліп қалыңыз.
Әліппеге арналмақ
Бүгінгі жыр әңіміз.

Армысыздар, мұғалімдер қымбатты
Біздер үшін ашатын сан жұмбақты.
Құшақ жайып қарсы аламыз сіздерді
Шәкірттердің қылықтары тым тәтті.

Мұғалім: Балалар, мектеп, Әліппе туралы қандай өлеңдерді сыйға
тартасындар ?

Ханзада: Е, ханшайым, біз отырғызған алма ағашы тамыры жайылып
өскенмен неліктен жеміс бермейді?

Ханшайым: Ханзада, мұның да бір себебі болар-ау!

Ханзада: Иә, солай шығар! Оның сырын тезірек ашу керек қой. Неліктен бүгін
орман іші тып-тыныш?

Ханшайым: Бұл сұрақтың сырын сиқыршы қыздан сұрап көрейік.

Сықыршы қыз: Бұл орманда неше жылдан бері ешқандай кеш, ешқандай сабақ өтпейді. Сол себептен осы ормандағы тіршілік есінің бәрі ұйқыда

Ханшайым :Онда оларды оятайық. Сен оған көмектесші.

«Ертегілер әлемі». Сықыршы қыз ормандағы тіршілік иелерін оятады.

Ханшайым: Керемет! Ағашымымыз бірнеше жемісін берді. Әліппе, сізге көп рахмет!

Ханзада : Әріптер, көп-көп рахмет! Бізге үлкен көмек бердіңдер Әліппе, сенің әріптерің енді «Әліпби» елінің тұрғындары болсын. Алма ағашын да бірге қарап, жемісін бірге жемейміз бе?

Ханшайым: Жарайсыңдар, енді мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп отыр. (Ханзада мен ханшайым жұмбақ жасырады).

1-оқушы: Мен бір түрлі жүрексініп тұрғандаймын.

2-оқушы: Неге жүрексінесің ?

1-оқушы: Қонақтар өте көп, сөздерімді ұмытып қалатын сияқтымын

2-оқушы Келген қонақтар өзіміздің ата аналар мен құрметті ұстаздар ғой. Қорықпа, қасында мен тұрған жоқпын ба ? Бастай бер!

1-оқушы : Ардақты аталар мен аналар!

2-оқушы : Құрметті аналар мен әкелер!

1-оқушы : Бізге қарап отырған іні қарындастар!

2-оқушы : Баршамызға мереке құтты болсын!

1-оқушы : Қазақ тілінің 42 әрпімен таныстық.

2-оқушы : Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата білдік.

1-Буынды меңгерген мына біздер «Әліппе » оқулығымен қоштасамыз.

2-оқушы : «Әліппе» оқулығымен қоштасатын балаларды ортаға шақырайық

Қыркүйекке келдім де

Сыныпқа кірдім құанып.

Қарсы алды ұстаз мейірмен

Қадамды құп алып.

Бар білімнің бастауын

Әліппеден бастадым.

Үйренуге талпындым

Құлшынып балғын жас жаным.

Бірінші беттен елімнің

Елтаңбасын таныдым.

Көк байрақты қазақтың

Ұрпағымын, сәнімін.

Ең алғаш алғанымда Әліппені
Қызығып қарай бердім әріптерді.
Мен үшін жұмбақ болып қалар ма еді
Ұстазым оның кілтін алып берді.

Келгенде алғаш мектепке
Білмеуші едік әріпте.
Оқимыз қазір ертекті
Үйреткен оны «Әліппе».
Енді біз жаза білеміз
Әріпті қосып, әріпке.
Риза боп саған жүреміз
Сүйікті біздің Әліппе.

Мұғалім: Ортамызға сендердің достарын «Әліппені» шақырайық.
Хор: Әліппе! Әліппе!

Бар кітапқа бас болған
Әліппе ғылым ағасы
Әліппеден басталған
Даналықтың данасы.
Әліппені алап қолыма
Білімнің аштым есігін.
Ақ ниет тілеп, жолыма
Жазылды тұңғыш есігім.

Іші толы әріпке
Мынау әйбат Әліппе!
Барлық ілім білімнің
Әжесі осы Әліппе.

Ыстық әрбір беттерін
Жазуынды ұғамын.
Ақыл бердің Әліппе
Ақылды сен мұғалім.

Үйретті бізді әліппе

Қырық екі дербес әріпке.
Сөз,сөйлем құрап әріптен
Лайық болдық дәріпке.

Білімге жолды бастаған
Әліппем саған,мың алғыс!
Оқы деп ұран тастаған
Әліппем саған, мың алғыс
Хор: Әліппем саған, мың алғыс

Қош бол,құтты «Әліппе»
Көп нәрсені үйреттің.
Таныстырып әріппен
Тақылдатып сөйлеттің.

Қош бол құтты Әліппем!
Тіл тұсауын кестін сен.
Аяулы анам болып сен
Айыбынды кештің
сен.
бол,құтты «Әліппем»!

Хор: Қош

Сендер не үйрендіңдер?

-42 әріпті

-10-дейін санауды

-Табиғатты зерделеуді

-Үлкен- кішіні құрметтеуді

-Өлең айтып, би билеуді

-Түрлі сайыстардың жеңімпазы

- Білім биігіне шығатын

-Тәуелсіз еліміздің туын көкке көтере

-Адал

- Еңбекқор

-Парасатты

-Азамат болып өсуге

А әрпі: Ата, зейін салдың ба? бар әріптің алдында,
Неліктен А тұрады?
Деп бір күні сұрады?
Атам менің сауатты
Былай берді жауапты
Ата, ана, ақыл, ар, адам
А дан басталар, содан шығар құрбаным,
А ның алда тұрағаны.

О әрпі: Кәдімгі дөңгелек, ал Ө одан сәл бөлек,
Мұны да сал ерінбе, белбеуі бар белінде.

Т әрпі: Көз тоқтатып бір қаралық,
Т тұрған әріп, Қоңыз секілді біреуі,
Біреуі аумаған үйдің тіреуі.

Н әрпі: Қос тақтайға көлденең, бір тақтай қағылғанын,
Дедік көріп бұл деген, тақтайдан салынған, Н

